

Қабылханова А.М.,
Салқынбаев М.Б.

**Н. Бонапарт экспедициясының
араб-қоғамдық
ой санасына ықпалы**

Мақалада Н.Бонапарттың Египет пен Сирияға жасаған экспедициясының араб қоғамдық ой санасына ықпалы қарастырылады. Аталмыш экспедицияның араб тарихында алар орны зор, себебі бұл 1798-1801 жж. болған Наполеон Бонапарттың жорығымен басталған Батыс ықпалы араб қоғамдық ой-сананың оянуы мен жаңа бағытта дамуына өз әсерін тигізді.

Мақалада автор француз экспедициясының Египет пен Сирияны отарлау әрекетін тарихи тұрғыда сипаттайды. Сонымен қатар, буржуазиялық еуропалық мәдениетпен жанасу негізінде қалыптасқан араб қоғамдық ой санасы зерттеледі.

Түйін сөздер: «ғылыми» экспедиция, отарлық саясат, қоғамдық ой сана.

Kabyllhanova A.M.,
Salkynbaev M.B.

**The impact of N. Bonaparte
expedition on Arab public
consciousness**

The article is devoted to the study of the influence N. Bonaparte expedition to Egypt and Syria on the Arab public consciousness. This expedition takes an important place in the history, because N. Bonaparte campaign in 1798-1801 and the Western expansion influenced on the development of Arab public consciousness in new direction.

The author describes from the historical point of view the French colonial expedition to Egypt and Syria. As well as, investigated Arab public consciousness, which formed on the basis of the bourgeois European culture.

Key words: «Scientific» expedition, colonial policy, public consciousness.

Қабылханова А.М.,
Салқынбаев М.Б.

**Влияние экспедиции
Н. Бонапарта на арабское
общественное сознание**

Статья посвящена изучению влияния экспедиции Н. Бонапарта в Египет и Сирию на арабское общественное сознание. Вышеназванная экспедиция занимает важное место в истории, потому что поход Н.Бонапарта в 1798-1801 гг. и Западная экспансия повлияли на развитие в новом направлении арабского общественного сознания.

В статье авторы с исторической точки зрения описывают французскую колониальную экспедицию в Египет и Сирию. А также исследуют арабское общественное сознание, которое формировалось в основе буржуазной европейской культуры.

Ключевые слова: «научная» экспедиция, колониальная политика, общественное сознание.

**Н. БОНАПАРТ
ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ
АРАБ-ҚОҒАМДЫҚ ОЙ
САНАСЫНА ЫҚПАЛЫ**


XIX ғасырда Осман империясының қол астында болған Мысыр империяның ең өркендеген бөлігі, ал былай келе тіпті бүкіл араб әлемінің лидері болып саналды. Мысырдың бірнеше мыңжылдықтармен саналатын ұзақ тарихи даму жолын бастан өткізгендігі, бұл елдің бай мәдени дәстүрлерге ие екендігі Мысырдың араб әлеміндегі ерекше орнын анықтайтын бірден-бір себеп болып қоймай, араб елдерінің ішінде алғашқы жаңғыру Мысырдан басталғанын да түсіндіреді. XVIII-XIX ғасырларда басым болған антифеодалдық көзқарастармен қоса, 1798-1801 жж. болған Наполеон Бонапарттың жорығымен басталған Батыс ықпалы араб қоғамдық ой-сананың оянуы мен жаңа бағытта дамуына өз әсерін тигізді.

XVIII ғ. Франция Англия билік астына көшкен Үндістан мен Батыс жарты шардағы отарларының орнын толтыру мақсатымен белсенді түрде Жерорта теңізінің шығыс бөлігінде өз саясатын жүргізе бастады. Күшті позицияларына қарамастан, Францияның қарсыласы Англия болып қала берді. Англияның отаршылдық қуатын шайқалту үшін Директория үкіметі Англияның Үндістандағы бай иеліктерін жаулауға әскери экспедициясын дайындауды ұйғарды. Үндістанға баратын жол араб елдері арқылы өтетін болғандықтан, ең бірінші мақсат Мысырды басып алу болды. Наполеон Бонапарттың Мысырға экспедициясы (1798-1801 жж.) осы саясатты әскери күш арқылы жүзеге асырудың әрекеті болды. Мысырды басып алу француздардың Шығыспен саудасындағы сәттілікке жәрдемдесіп, француз тауарларына жаңа рыноктар әкелуге тиіс еді. Наполеон тұсында Суэц каналының жобасы да жасалған, бірақ ол іске аспады.

1798 жылы француз әскерлері Наполеон басшылығымен Александрияға келіп түсті. Ол халыққа әйгілі манифестін жіберді. Бонапарт өз сөзін «Аса құрметті, ерекше мейірімді Алланың атымен» деп бастап, әрі қарай былай жалғастырды: «Мысырлықтар! Сендерге мен бұл елге сендердің діндеріңді құрту үшін келді деп айтылды. Бірақ бұл – өтірік, оған сенбеңдер. Бұндай жалған сөздерді таратып жүргендерге айтыңдар, мен бұнда сендердің құқықтарыңды тирандар билігі астынан тәуелсіз ету үшін ғана келдім. Мен мәмлүктерден артық сендердің құдайларыңа табынамын және пайғамбар мен Құранды олардан артық мадақтаймын. Оларға айтыңдар, құдай алдында

барлық адамдар тең және біреуді біреуден сана, адамгершілік пен білім ғана ерекшелейді... Құдайдың көмегімен қазір және келешекте Мысырдың кез келген тұрғыны жоғарғы лауазымға ие болып, жоғарғы мадаққа жете алады. Сендердің араларындағы ең сауатты, ең әділ және ең ақылдылар істерді басқаратын болады, сол арқылы халықтың жағдайы жақсарады» [1, 54-55 б.]. Мы-

сыр Осман империясының қол астында болғанымен, билік шынында түріктерде емес, мәмлүк бейлердің қолында болды. Пирамидалар тұсында болған шайқаста француздар мәмлүктер әскерін талқандап, елдің айтарлықтай бөлігін басып алып, Қайрға кірді. Бірақ бұл жеңістерге қарамастан, француздар Мысырда тұрақтай алмады.



Француз кампаниясының Мысырға жорығы картасы, 1798

Наполеон өзін мәмлүктер езгісінен құтқарушымын, «Аллахты, оның пайғамбарын және Құранды» мәмлүктерге қарағанда жоғарырақ қадірлеймін десе де, француздардың Мысыр қалалары мен ауылдарына салған салықтар мөлшері мәмлүктер салығынан әлдеқайда көбірек болды. 1798 жылдың қазанында Қайрда антифранцуздық көтеріліс өтті. Әл-Азхар мешіті ұлттық толқу орталығына айналып, Наполеон осы көтерілісті әрең дегенде жаншиды.

Абукир тұсында өткен шайқасты (1798 ж.) ағылшын флотының генерал Нельсон басшылығымен француз кемелерін жоюы француз әскерлерін Франциядан қосымша күш пен жабдықтауды алу мүмкіншілігінен айырды. Францияға жергілікті күш те қарсылық көрсетіп отырды. Түрік сұлтаны Селим III Францияға соғыс жариялап, Англия мен Ресеймен 1799 жылдың басында одақ құрып, француздарға қарсы өз әскерін Сирия арқылы бастады.

Түріктерді озуға талпынған француздар 1799 жылдың ерте көктемінде өз әскерлерін оңтүстік Сирияға кіргізіп, Акка бекінісін қоршады, алайда екі айға созылған қоршау еш нәтиже бермегендіктен, олар Мысырға қайта оралуға мәжбүр болды. Көп кешікпей Наполеон әскерді басқаруды генерал Клебердің қолына тастап, өзі Францияға жүріп кетеді. Француздардың бірен-саран табыстарына қарамастан, олардың Мысырдағы жағдайлары нашарлай берді. Француздарға қарсы халықтың наразылығы артты. 1800 жылдың наурызынды Қайр маңында болып жатқан француздар мен түріктер арасындағы шайқас кезінде астана тұрғындары қайтадан көтерілісті бастап, онша үлкен емес бір француз гарнизонын құртты. Генерал Клебер өлтірілді. Бір ай ішінде көтерілісшілер Қайрды қоршауға алған француз әскеріне қарсылық көрсетті. Ауылды жерлерде бәдәуилер мен феллахтар француздарға қарсы партизандық соғыс жүргізді. 1801 жылы тамыз айында мәмлүктер, түріктер мен ағылшындар өз

әрекеттерін жандандырып, француздарды Мысырдан кетуге мәжбүр етті.

Француз әскерінің эвакуациясынан кейін одақтастар: ағылшындар, мәмлүктер, түріктер арасында іріткі туа бастайды. 1803 жылы Францияның қысымымен ағылшын әскерлері Мысырдан шығарылды. Амьендік бейбіт келісім шарттары бойынша Мысыр түрік сұлтан билігінің астына қайтарылды. Оған қарамастан, Англия мен Франция Мысырдағы позицияларын екі мәмлүк топтарын тірек ету арқылы ұстап қалуға тырысты. 1802 жылдан – 1804 жыл аралығында мәмлүк бейлері мен Түркияның арасындағы билікке талас тоқтамады [2, 57 б.].

1798-1801 жж. Наполеон Бонапарттың Мысыр мен Сирияға жасаған жорығы Мысырдың Батыстан тыс, өз еркімен өмір сүруіне шек қойды [3, 116.]. Бұл жорық барысында Мысырға 150-дей француз ғалымдары келді, олардың ішінде шығыстанушы ғалымдар да болды. Олар өздерімен бірге Римдегі насихаттау колледжінен реквизицияланған, араб әріптеріне келтірілген баспа құралдарын алып келді. 1798 ж. 22 тамызда Академияның (Institut d'Egypte) негізі қаланып, өздерімен әкелінген және жергілікті кітаптардан жиналған кітапхана құрылып, физикалық-химиялық зерттеу орындары ашылып, археологиялық зерттеулер жүргізіле басталып, флора, фаунаны зерттейтін экспедициялар құрылды. «Le Courrier d'Egypte» газеті мен «La decade» мерзімдік басылымы шығарыла бастады.

Француздардың бұндай әрекеттері өздерінің отарлау саясатын нығайту барысында жүргізілді. Сол себептен Мысырдың мәдени жаңғыруын еуропалықтардың тікелей «өркениеттік миссиясымен» байланыстыру әрекеті негізсіз. Академия есіктері тек француздарға ғана ашық болды, сонымен қатар басталған зерттеу экспедицияларына француз буржуазиясы мүдделі болды. Ресми құжаттар мен шешек ауру жайындағы қысқа трактаттан басқа араб тілінде ештеңе басып шығарылмады. Ұлттық қозғалыстың көтерілуіне, алдымен, сауда қалаларының көбеюі, қалалық буржуазия мен буржуазиялық зиялы қауымның қалыптасуы әсерін тигізді.

Алайда Мысыр қоғамының француз әлеуметтік құрылысымен танысуы Осман империясындағы биліктің басқару құрылымдарына күмән туғызғандығы сөзсіз. Арабтық дәстүрлі қоғамдық көріністерді еуропалық, әсіресе, республикалық үлгідегі қоғамдық құрылыммен, әскери техниканың, білім беру жүйесінің, мәдениеттің жетістіктерімен салыстыру мысырлықтарға олардың Еуропа елдеріне қарағанда қаншалықты артта қалғандықтарын көрсетті. Сол кезден бастап Мысырдың ойшылдары, олардың ішінде әл-Азһардың филолог Хасан әл-Аттар, тарихшы Абдаррахман әл-Жабарти сияқты атақты өкілдері еуропалық үлгідегі мемлекет басқару жүйелерін енгізуді ойлай бастады. Әл-Азһар рухани академиясының білім беру жүйесіне сол замандағы ғылыми-техникалық жетістіктерді қарастыратын жаңа пәндер енгізілді [4, 13 б.].

Француздардың отарлауына қарсы шыққан ұлт-азаттық қозғалыс барысында Мысырды жеңіске әкелуде көп еңбек еткен «Мысыр жандандырушысы» Мұхаммад Алидің реформалары елді жаңа кезеңге жетеледі. Осындай тарихи оқиғалар нәтижесінде билікке келген Мұхаммед Алидің атымен Мысырдағы жаңа дәуір, оқу-ағартушылық, ұлт-азаттық идеяларының өркендеу кезеңі басталды [5]. Әскери, ауыл шаруашылығы мен жер иеленуге ерекше көңіл бөлген Мұхаммад Алидің реформалары білім беру мен оқу-ағартушылық салаларды да шетте қалдырған жоқ. Бұл реформалардың нәтижесінде дарынды студенттер шетелдерде, әсіресе, Францияда білім алып, сол елдердегі жетістіктерді Мысырға да әкелуге тырысты.

Бастапқыда «ғылыми» аталған Н.Бонапарт экспедициясы, жаулаушылық сипатынан бөлек, Ежелгі Мысыр тарихына деген қызығушылықты оятып қана қоймай, араб қоғамдық ой санасына едәуір әсер еткені сөзсіз. Жаңа заманда жаңа әлемдік талаптардың, тарихи реалилердің ықпалымен араб-мұсылман әлеміндегі қоғамдық ой-сананың өзгеруі орын алып, буржуазиялық еуропалық мәдениетпен жанасу негізінде қалыптасқан ағартушылық үдерістер Араб Шығысында айқын байқалды.

Әдебиеттер

- 1 Ал-Джабарти, Абд ар-Рахман. Египет в период экспедиции Бонапарта (1798 – 1801). – М., 1962. – 221 с.
- 2 Новая история стран Азии и Африки. XVI–XIX вв.: Н72 учебник для студ. высш. учеб. заведений / [А.М. Родригес и др.]; под ред. А.М. Родригеса: в 3 ч. – М.: Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2004. – Ч. 3. – 511 с.
- 3 Қалиева Ш.С. XIX ғасырдағы араб әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 212 б.
- 4 Касымходжаева А.С. Борьба идей в литературной жизни Египта (1875-1975). – Ташкент, 1983. – 240 с.
- 5 لطيفة محمد سالم، مشروع محمد علي التوسعي، هل كانت هناك أبعاد عربية؟ الموسم الثقافي السادس 2003 – 2004: مصر والعرب دار الكتب والوثائق القومية، الإدارة المركزية للمراكز العلمية، – القاهرة: المركز، 2006، – 183 و.

References

- 1 Al-Dzhabarti, Abd ar-Rahman. Egypt v period ekspedicii Bonaparta (1798-1801). – M., 1962. – 221 s.
- 2 Novaya istoriya stran Azii I Afriki. XVI – XIX vv.: N72 uchebnik dlya stud. vysh. ucheb. zavedenyi / [A.M.Rodrigues i dr.]; pod red. A.M.Rodrigesa: v 3 ch. – M. : Gumanitar, izd. center VLADOS, 2004. – CH.Z. – 511 s/
- 3 Kalyieva S.S. XIX gasirdagy arab adebiety: Oqu quraly. – Almaty: Qazaq universitety, 2006. – 212 b.
- 4 Kasimhodzhayeva A.S. Borba idey v literaturnoy zhizny Egiptya (1875-1975). – Tashkent, 1983. – 240 s.
- 5 Latifa Muhammad Salim, Mashrug Muhammad Ali at-Tausigi. Hal kanat hunaka abgad arabia? Al-mausum at-taqafi as-sadis 2003-2006: Misr ua al-Arab Dar al-Kutub ua al-usaiq al-qaumia, al-Idarat al-Mazlazia lil-markaz al-Gilmia. – Al-Qahira: al-Markaz, 2006. – 182 u.